

І Т У У Ы

МИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

май Жексенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйым.

ССРО Финанс Министрлігінің хабары

30 миллиард сом мөлшерінде шығарылған ССРО халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік заемы (1952 жылы шығарылған) 8 майдың кешіне дейін 35 миллиард 712 миллион 374 мың сомға таратылып 5 миллиард 712 миллион 374 мың сом асып түсті.

Заемның белгіленген сомадан едәуір артық таратылуы себепті ССРО Финанс Министрлігі ССРО Министрлер Советінің нұсқауы негізінде заемға онан әрі жазуды барлық жерде 1952 жылғы 10 майдан бастап тоқтатуға бұйрық берді.

ССРО Финанс Министрі А. ЗВЕРЕВ.

Үйі

і мәншүші міндеттерді тыр. Ауыл шаруашы- інің еңбектегі және тырып, олардың ара-ралық және мәдени- жоғары дәрежеде үйлерінің жұмысы ті- да, егіс және трак- , мал фермаларында, нағыз қайнап жатқан керек.

шілерге мәдени-тәрбие қаратын мәдени-ағар- рі. Оның жұмыс кө- қызметгерлердің түсі- шіліктің кітап, га- ын ұйымдастырумен жұмысы бұдан әлде жауашты. Ауыл-село арасында білім та- ы әрбір жаңалықты таттап отыратын, өзі- ысымен алда тұрған ай орындауға көмек- ны.

Ү сьезінің қарарла- отырып, мәдени- оның ішінде оқу үй- ысын жоспарлы түрде, іне, ауыл -селодағы

Чехословак Республикасының Министрлер Советінің Председателі А. ЗАПОТОЦКИЙ жолдасқа

ПРАГА

Чехословакияның ұлттық мейрамына — гитлершіл басқыншылардан азаттық алғандығының жеті жылдығына байланысты, Председатель жолдас, Сізден және Чехословак республикасының үкметінен менің достық құттықтауларымды және че- хословак халқының жана, халықтық - демократиялық Чехословакия орнатуда онан сайын табыстарға жетуіне тілектестігімді қабыл алуыңызды сұраймын.

И. СТАЛИН

Советтік Социалистік Республикалар Одағы Министрлер Советінің Председателі Генералиссимус Иосиф Виссарионович СТАЛИНГЕ

МОСКВА, КРЕМЛЬ

Құрметті ССРО Министрлер Советінің Председателі,

Айбынды Совет Армиясының Чехословакияны азат етуінің жеті жылдығы күні Сіздің Чехословак республикасының үкметіне және менің өзіме жіберген қызу құттықтауыңыз үшін Чехословакия республикасы үкметінің атынан және менің өзімнің атыманан Сізге шын жүректен алғыс айтуыма рұқсат етіңіз.

Осы жағдайды пайдаланып, Сізге үкметтің және бүкіл чехословак халқының атынан уәде беремін: Сізге жалынды сүйіспеншілік және берілгендік сезіміне бөле- ген біз социализм орнату ісінде өзіміздің күш жұмсауымызды бұдан былай да қажымай арттыра береміз және өзіміздің қуатты азат етушіміз, досымыз— бейбітші- ліктің, демократия мен социализмнің мызғымас тірегі болып табылатын Совет Ода- ғымен достық пен одақты бұрынғыдан да гөрі нығайтамыз.

Румын Халық Республикасының Ұлы Ұлттық Жыйналысы Президиумының Председателі К. ПАРХОН жолдасқа

БУХАРЕСТ

Румынияның мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануының жетпіс бес жылды- ғына байланысты, Сіздің жіберген құттықтауыңыз үшін, Председатель жолдас, ме- нің алғысымды қабыл алыңыз.

Румын Халық Республикасының онан сайын гүлденіп көркеюін шын жүректен тілеймін.

Н. ШВЕРНИК.

МОСКВА, КРЕМЛЬ.

Иосиф Виссарионович СТАЛИН жолдасқа

Қымбатты Иосиф Виссарионович!

Румын халқының ұлы мейрамын — орыс әскерлерінің түрік армиясын жеңуі нәтижесінде түрік езушілігінен азаттық алудың және Румынияның мемлекеттік тәуелсіздігінің жариялануының жетпіс бес жылдығына байланысты, Румын Халық Республикасы үкметінің, Румын Жұмысшы Партиясы Орталық Комитетінің және еліміздің бүкіл халқының атынан Сізге жалынды сәлем жолдаймыз.

Бүгін біз мейрамдап отырған біздің тарихымыздағы естен беткісіз оқиға орыс халқының жақсы көретін үлкен аға сияқты ғасырлар бойы румын халқына көрсетіп келген достығы мен жәрдемінің тамаша сипаттамасы болып табылады. Тү- рік құлданушыларына қарсы шайқас майдандарында қарулас румын-орыс бауыр- ластырының ізгі дәстүрі нығайды. Ескі Румынияның қанаушы таптарының реак- циясының Румыния тарихындағы өте даңқты оқиғаларды ұмыттыруға тырысқан барлық әрекеттері азат етуші ұлы орыс халқына шын достық және ықылас сезімім- біздің халқымыздың жүрегінен жулып ала алмады.

мен қауат құрамында 4 адам бар село лекторі ашылған.

Алайда, облысымызда кейбір оқу үйлерінің жұмысы жаңа талаптарға сай жүргізілмей келеді. Совет ауданындағы Баганович, Молотов селолық Советтері жанындағы оқу үйлері бұқарадан қол үзіп кеткен. Баганович селолық Советінің оқу үйінде көпшілік арасында әңгімелер өткізілмегендіктен, лекциялар оқыла мағандықтан, ойын-сауық кештері өткізіліп тұрмағандықтан оған кісілер өте аз келеді. Оның кітап қоры да өте аз. Лекторлар тобы мен көркемөнершілер үйірмесі шын мәнінде жұмыс істемейді. Оқу үйінің меңгерушісі Тараскина жолдасқа не ауылдық Совет, не колхоз партия ұйымы көмек көрсетпейді. Міне, бұл сыяқты фактілерді облысымыздың басқа аудандарынан да көптеп келтіруге болады.

Көзір облысымыздың колхоз, совхоз далаларында көктемгі егіс жұмыстары жүргізілуде. Егіншілер егін шаруашылығының мәдениетін көтеру, егіннен мол және тұрақты өнім алынуын қамтамасыз ету жолында қызу күрес жүргізуде. Мал өсірушілер қорағдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жо-

нызды міндетін атқара алмайды.

Оқу үйінің жұмысында кемшіліктердің көп болуының тағы бір себебі—олар қолынан іс келетін қызметкерлермен толықтырылмайды. Көп жерлерде ауыл-селолық Совет атқомдері оқу үйінің қызметкерлерін таныстық, жақын туыстық принцип бойынша іріктеп алады, оның бұл қызметке жарайтын немесе жарамайтынын тіпті ескермейді. Мұның ақыры ол қызметкерлерге жұмысты жолға қою жөнінде қатты талап қоймаушылыққа, көпшілік арасында мәдени-тәрбие жұмысын тоқтатып қоюға әкеліп соғады.

Ендігі жерде оқу үйлерінің жұмысын ұйымдастырудағы мұндай кемшіліктерге тезуге болмайды. Ауыл-селолық Совет атқомдері және бастауыш партия, комсомол ұйымдары оқу үйлерінің жұмысына күнбе-күн басшылық жасауға, көмек көрсетуге, олардың ойдағыдай жұмыс істеуіне барлық жағдайларды тудыруға, қызметкерлерді дұрыс іріктеп алып, тәрбиелеп өсіруге міндетті.

Ауыл-село оқу үйлерінің жұмысы еңбекшілердің өскелең мәдени қажетіне сай, ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде алға қойылған жаңа міндеттер дәрежесіне сәйкес, жоғары дәрежеде болсын!

—60—

Егіс жоспары орындалды

Егіннің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, Ұзынкөл астық совхозы бірінші бөлімшесінің коллективі көктемгі егісті ең қысқа мерзімде, кеше, агротехникалық жоғары дәрежеде аяқтап шықты.

Бұл бөлімше бойынша 3042 гектар егістік алаңға дәнді дақылдар себілді. Көктемгі дала жұмыстарының ойдағыдай аяқталуы совхоз егіншілерінің күндіз-түні бірдей жүргізген қажырлы еңбегінің игі жемісі болды.

Бөлімшенің жекелеген механизаторлары еңбекке социалистік қатынастың тамаша үлгілерін көрсетті. Мәселен, П. Көз-

лов, Н. Боварж, Е. Тюльков, Г. Леонид және Н. Прожирко сыяқты озат тракторшылар бүкіл науқан бойына «С—80» тракторымен смена сайын 180—200 гектардан жер жыртты, тұқым септі. Осымен қатар, бұлардың әрқайсысы көп жанар, жағар майын үнемдеп, ол үнемделген жанар маймен жұмыс істеді.

Егіс жоспары бүгін совхоздың екінші бөлімшесінде де толық орындалды. Бұл бөлімшенің егіншілері 3638 гектар егістік жерге дәнді дақылдар екті.

БЕКТЕМБАЕВ.

Ұзынкөл астық совхозы партия бюросының секретары.

Министрі В. ШИРОКИЙ жолдасқа

ПРАГА

Чехословак республикасының ұлттық мейрамына байланысты, менің шын жүректен құттықтауларымды және ең жақсы тілек білдіруімді, Министр жолдас, Сіздің қабыл алуыңызды сұраймын.

А. ВЫШИНСКИЙ.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Сыртқы Істер Министрі А. Я. ВЫШИНСКИЙ жолдасқа

МОСКВА

Құрметті Министр жолдас,

Бүкіл чехословак халқының ұлттық мейрамына байланысты, Сіздің маған жіберген құттықтауыңыз үшін Сізге шын жүректен алғыс білдіруіме рұқсат етіңіз.

Чехословакияның халықтары өздерінің ең даңқты мейрамын өздерінің бақытты социалистік болашағын қамтамасыз ететін үлкен бейбіт жұмыс дәуірінде мейрамдап отыр.

Чехословак республикасы халықтарының жеңімпаз Совет Одағы халықтарымен мызғымас достығы және одағы чехословак халқының өз міндеттерін орындайтындығына және социализм орнататындығына берік кепіл болып табылады.

Вилем ШИРОКИЙ,

Чехословак республикасының Министрлер Советі Председателінің Орынбасары және Сыртқы Істер Министрі

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. М. ШВЕРНИК жолдасқа

МОСКВА, КРЕМЛЬ

Орыс әскерлерінің түрік армиясы жеңуінің нәтижесінде түрік езушілігінен азаттық алудың және Румынияның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаудың жетпіс бес жылдығына байланысты, Ұлы Ұлттық Жыйналыстың Президиумы атынан және өзінің атынан Сізге жалынды сәлем жолдаймын.

Бұл ұлы күнді мейрамдай отырып, біздің халқымыз ұлы достығын іс жүзінде дәлелдегендіктері үшін және ғасырлар бойы көрсеткен жәрдемі үшін орыс халқына шын жүректен алғыс айтады.

Бұл күні біздің халқымыз бізді фашизм мен империализмнің езушілігінен азат еткен ұлы совет халқына, Совет Одағының айбынды армиясына назар аударуда, осы азаттықтың арқасында біз толық және шын мәніндегі мемлекеттік тәуелсіздікке жеттік.

Біздің халқымыз өзінің ең жақсы досы, бейбітшілік жолындағы күрестің дауышпан ту көтерушісі кеменгер Сталинге назар аударуда.

Румын Халық Республикасының Ұлы Ұлттық Жыйналысы Президиумының Председателі Профессор доктор **К. И. ПАРХОН.**

Советі
Румын
Бас

БУХАР
Румын
Комитетінің
жарияланған
үшін менің
Румын
Жұмысшы І
лық Румын

ССРО

МОСКВА
Түрік
қастарда ор
тәуелсіздігі
сәлемімді қа
Румын
тарының до
құруда, аме
күресте рух
Румын
шіміз және
туын көтеру
және мәңгі

Румын
8 май,

Румын

БУХАР
Министр
ғының жеті
айтумен бір
демократиял
тілейтіндігі

Оқу үйінің жұмысын қалай ұйымдастырдық

13

Абитов, басқа пар сабағамен елеулі университет ұйымдарының айна дейін те алмағы Поля Королев ан қоғамдарының шара Воробьев шылары-е ғана те қатыс-универси-оқуына Осының тер оқу-жүйесін-м кешкі-нің шешу-інің 1-Универ-ленинизм емтихан-шаралар тындау-өткізілді, елесі тал-пәндердел-арға бо-уақыт

Оқу үйі—селодағы мәдениет ошағының бірі. Сондықтан ең алдымен оқу үйінің ішін мәдениетті түрге келтіруді қажет деп таптық. Оқу үйінің 150 кісіге арналған залын және оқу бөлмесін ұрандармен, плакаттармен және коммунизмнің ұлы құрылыстары, бейбітшілік туралы фотомонтаждармен безендірдік.

Оқу залында оқу үйіне келушілер үшін түрлі мәселелер бойынша түсінік беріп отыратын стол ұйымдастырылды. Мұнда қандай кітаптарды оқу керек екендігі жөнінде кеңес беретін тізімдерді іліп қойдық. Оқу залында газет-журналдар, музыка аспаптары, шахмат, дойбы және миллиард бар. Оқу үйі кітапханасының кітап қоры үнемі артуда. Кәзір бізде 1123 дана саяси, ғылыми және көркем әдебиет кітаптары бар.

Колхозшыларды мәдениетті қамту мақсатында оқу үйі жанынан драма, хор және музыка үйірмелерін ұйымдастырдық. Бұл үйірмелердің жұмысына колхозшылар мен село интеллигенттерінен 50 адам қатысады. Көркемөнершілер оқу үйі орналасқан «Путь Октября» колхозына сол сыяқты, «Путь Ленина» колхозына және Ленин атындағы МТС-ке де барып, оларға концерттер береді, ойын көрсетеді. Біздің көркемөнершілер үйірмесі аудандық байқауда аудандық Совет атқомінін грамотасымен наградталды.

Оқу үйі Советінің мүшесі, селолық Советтің депутаты А. Агапов жолдастың басқаруындағы хор үйірмесі зор беделге ие болып отыр. Біз үйірме репертуарының идеялық жоғары дәрежеде болуына үнемі көңіл бөліп отырамыз.

Оқу үйі жанындағы кітапхананың тұрақты кітап оқушысы 150 адам. Мен және колхозшы Скрипченко, Хампо жолдас-

олардың қатарына жаңадан 57 адам қосылды.

Бізде 4 адамнан құрылған селолық лекторий бар. Олар халықаралық жағдай және басқа да саяси, ғылыми тақырыптарға лекциялар оқиды. Біз жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттерін үнемі шығарып отырамыз.

Оқу үйінің Советі ай сайын жұмыс жоспарын жасайды, ол селолық Советтің мәжілісінде бекітіледі. Бұл жұмыс жоспарларында колхозшыларға партия мен үкметіміздің қаулы-қарарларын, социалистік ауыл шаруашылығын өркендету мәселелерін насихаттауды және түсіндіруді қарастырамыз. Біз жұмысымызды оқу үйінде ғана жүргізбейміз, бригадаларға, мал фермаларына да барып, күн сайын әңгімелер өткіземіз, дауыстап газет оқымыз, жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттерін шығарамыз. Колхозшылардың социалистік жарысының қорытындыларын тексеріп, қорытамыз.

Колхозшылар арасындағы мәдени-ағарту жұмыстарын ойдағыдай жүргізу жолында сіңірген азды-көпті еңбегіміз өзінің игі нәтижелерін көрсетуде.

Біз дала жұмыстары басталысымен-ақ оқу үйінің жұмысын дала және трактор бригадаларына көшірдік. Бригадаларға оқу үйі Советінің мүшелері бекітіліп, көшпелі екі кітапхана ұйымдастырылды. Дала жұмыстарында жүрген колхозшыларды мәдениетті қамту мақсатында мәдени-үгіт бригадасын ұйымдастырдық. Олардың құрамында баяндамашылар мен көркемөнершілер бар.

Егер колхоз партия ұйымдары оқу үйінің жұмысына жете көңіл бөліп, көмектесіп отырса, әрине, жұмысымызды бұдан да жақсартуға болар еді. Бірақ, «Путь Ленина» және «Путь Октября» колхозда-

Халықтық демократия елдерінің еңбекшілері Жеңіс Күнін мерекелеуде

БОЛГАРИЯ

СОФИЯ, 9 май. (СОТА). Бүгін болгар халқы гитлершіл Германияны жеңген күнді атап өтуде. Барлық газеттер жеңіс мерекесіне басмақалалар және көптеген жай мақалалар арнап, бірінші беттерінде гитлершіл Германияны жеңудің ұлы ұйымдастырушысы және дем берушісі Генералиссимус И. В. Сталиннің үлкен портретін орналастырды.

Ұлы социализм елінің бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңісі,—деп жазады «Работническо дело» газеті,—советтік қоғам және мемлекет құрылысының жеңісі болды. Жер жүзінің барлық халықтары советтік қоғам құрыдысы қоғамды ұйымдастырудың ең жақсы формасы екенін өз көзімен көрді. Совет Одағының дүниежүзілік екінші соғыстағы жеңісі көп халықтарға—поляк венгер, чехословак, болгар және басқа халықтарға көптен күткен азаттықты әперді.

Орыс халқының туыскандық көмегі арқасында өзінің тарихында екінші рет бостандық пен тәуелсіздік алған болгар халқы Совет Одағына және Сталин жолдасқа шын жүректен құрметтейтіндігін, нағыз туыскандық сүйіспеншілік пен шексіз алғыс айтушылық сезімін білдіреді. Болгар-совет достығымен руханған болгар халқы бейбітшілік пен социализм үшін күресте өзінің қатарын онан сайын тығыз топтастыра түсуде.

РУМИНИЯ

БУХАРЕСТ, 9 май. (СОТА). Бүгін Бухаресте Совет Армиясының Румынияны фашистік құлдықтан азат ету күресінде қаза тапқан жауынгерлері ескерткіштеріне салтанатты түрде гүл қою болды. Румыния қарулы күштері министрінің орын-

ні үшін Совет Армиясына және И. В. Сталин жолдастың өзіне алғыс айтты.

КОРЕЯ

ПХЕНЬЯН, 9 май. (СОТА). Корей халқы фашистік Германия жеңген Күнді атап өтуде. Корейнің ССРО-мен мәдени байланыс қоғамы қалалар мен селоларда совет жауынгерлерінің Ұлы Отан соғысы майдандарындағы ерліктерін баяндайтын көрмелер ұйымдастырды.

Корей газеттері Совет Армиясының дүниежүзілік екінші соғыстағы азат етушілік міндетіне арналған мақалалар жариялауда.

Кеше Пхеньянда Корейнің ССРО-мен мәдени байланыс қоғамы президиумының ұйымдастыруымен Корей Халық армиясы жауынгерлерінің және Қытай халық еркіттерінің, еңбекшілердің фашистік Германияның талқандалғанына жеті жыл толуына арналған салтанатты жыйналысы өткізілді.

ГЕРМАНИЯ

БЕРЛИН, 9 май. (СОТА). Герман Демократиялық Республикасының барлық қалалары мен селоларында кеше Совет Армиясының даңқты әскерлерінің неміс халқын фашистік жабірленушіліктен азат етуінің жеті жылдығына байланысты жаппай митингтер, демонстрациялар мен салтанатты кештер өткізілді. Совет жауынгерлеріне арналған ескерткіштер мен қаза тапқан жауынгерлердің қабірлері жанына көптеген гүлдер қойылды.

Лейпцигте Маркс — Энгельс алаңында 80 мың адам қатысқан митингі өткізілді. Магдебургте еңбекшілердің 50 мың адам қатысқан демонстрациясы болды. Дрезденнің, Одердегі, Франкфурттың және басқа қалалардың мыңдаған еңбекшілері қаза

мық тапсырмаларын 140—150 проценттен орындап, стахановтық еңбектің үлгісін көрсетуде.

Дегенмен, ауданның кейбір бастауыш партия ұйымдары колхозшылар мен механизатор кадрларын көктемгі егісті ой-

Партия ұйымдары ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алудың негізін қалау кезеңі — көктемгі егіске партия басшылығын мейлінше жақсартулары керек.

Б. СӘЛМЕНОВ,

Преснов ауданы.

Булаев аудандық комсомол комитетінің секретары Еременко жолдастың басқаруындағы 8 адамнан құралған мәдени-үгіт бригадасы колхоздарға жүріп кетті. Бригада мүшелері ауданның колхоз, совхоздарына, тікелей дала костарына ба-

рып, түрлі тақырыптарда лекциялар оқыды, әңгімелер өткізеді, концерттер береді. Үгіт бригадасының мүшесі, аудандық кітапхананың меңгерушісі Григорьева жолдас көшпелі кітапхана ұйымдастырып, оны өздерімен бірге ала кетті.

Көкшөп конвейері

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің II пленумы 1952 жылы мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру жөніндегі жоспардың сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуді республиканың барлық партия, совет ұйымдарының және ауылшаруашылық орындарының алдына аса жауапты міндеттердің бірі етіп қойды.

Пленум алға қойған бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру, еңалдымен, қоғамдық малды бүкіл жыл бойына жақсы күтімде ұстап, оны құнарлы жем-шөппен жеткілікті қамтамасыз етуге байланысты. Бұл шараны мінсіз жүзеге асырмайынша, мал санын өсіріп, оның өнімділігін арттыру тіпті мүмкін емес. Сондықтан МТС және колхоз, совхоз басшылары кезір малды жайып бағуды ғыңғылықты ұйымдастырумен бірге, малдың қыстық жемшөбін дайындауға осы күннен бастап жете назар аударуға, шөп шабу науқанына күнібұрын әзірлік жүргізуге міндетті.

Солтүстік Қазақстан облысының жағдайында қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру ісінде мал жайылымдарын дұрыс пайдаланудың зор маңызы бар. Өйткені, көктемгі - жазғы маусымда мал негізінен жайылымдарда бағылады.

Бірақ, жазды күні жайылымға сеніп отыра беруге болмайды. Былай дейтін себебіміз — бұл маусымда табиғи жайылымдар мал азығындық қасиетін өне бойы біркелкі сақтай бермейді. Яғни жайылым шөбі ауа райының өзгеруіне

байланысты өзінің мал азығындық нәрін біртіндеп жойып отырады. Осымен қатар, кейбір айларда жайылымда бағылса да мал оты қонбай жемнен тарығады.

Малды, әсіресе, сауын сыйырларды көктемнен қыс түскенге дейін көкшөппен азықтандыру керек. Бұл арада мынаны мықтап есте ұстау қажет. Бүкіл жыл бойына сауын сыйырлардан алынатын сүттің 70—80 проценті жазғы — күзгі маусымда сауылады. Әрине, бұл — сауын сыйырларды жайып, бағуды үлгілі ұйымдастырғанда, мал азығындық ауыспалы егіске көшкенде ғана мүмкін.

Малды жақсы сапалы көкшөппен мол қамтамасыз етуге көкшөп конвейерінің зор маңызы бар. Көкшөп конвейері дегеніміз — көпжылдық және біржылдық шөптерді кең көлемде егіп, оларды мезгіл-мезгіл мал жайылымы ретінде пайдалану. Бұл малды ерте көктемнен қара күзге дейін құнарлы көкшөппен жеткілікті қамтамасыз етуге, сөйтіп, малдың санын өсіріп, өнімділігін еселеп арттыруға мүмкіншілік әпереді.

Көкшөп конвейеріне негізінен алғанда көпжылдық, бір жылдық шөпті және қара бидайды, күзге салым шөбі жыйналып алынған шабындық орнын пайдалануға болады. Сондықтан әрбір колхоз бен совхоз мал азығындық ауыспалы егіске көшіп, көкшөп конвейерін кеңінен қолдануға міндетті.

Малды бұыл жаз бойына көкшөппен азықтандыруға жетісу үшін көпжылдық және біржылдық шөп егісінің көлемін жылма-жыл көбейтіп отыру керек. Бұл

жөнінде мына жайды мұқият ескерген жөн: біржылдық шөпті де, көпжылдық шөпті де, мал азығындық тамырлы егісті де белгілі көлемде ара-арасына күн салып, әр кезеңде, әр айда бірінен кейін бірін мал жайылымы ретінде пайдаланатын етіп егу керек. Тек осы шара мінсіз жүзеге асырылған күнде ғана көкшөп конвейерін мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімділігін арттыруға әрі кең, әрі тиімді пайдалануға болады.

Көпжылдық шөп дұрыс егілсе, оның өнімі малдың қысқы азығына да, жазғы жайылып бағылуына да жетеді. Бұл көпжылдық, немесе біржылдық шөп егілген алаңды ауыстырып, яғни оның көкшөбін еңалдымен шауып алып, мұнан кейін оның орнына қайтадан мал жаюға болады деген сөз. Көпжылдық және біржылдық шөп егілген алаң ауа райына, мал жайылымының ыңғайына, оның құнарының шамасына қарай малды жайып бағуға пайдаланылуға тиіс. Демек, малға жайылым шөбі жетіспеген, немесе жұғымсыз болған күнде біржылдық және көпжылдық егілген алаңды түгелдей дерлік мал жайылымына айналдыру керек.

Көкшөп конвейерінің ендігі бір көзі — қара бидай егілген жер. Қара бидай егілген алаң, әсіресе, көктем мен күзде мал жаюға өте қолайлы. Ерте көктемде, табиғи жайылымдардың шөбі өсіп жетілмеген кезде малды көкшөппен азықтандырып, тез оңалту үшін мал азығындық қара бидайды күзде егіп қою керек. Сонда малдың көктемде едәуір уақыт бойына қара бидай егілген алаңда жайылып бағылуы, оның күйлі өсірілуі қамтамасыз етіледі. Өйткені, көктемде

қара бидай қысқы суықтан кейін басқа дақылдардан, сол сыяқты, табиғи жайылым шөбінен бұрын өсіп, майдың басынан бастап 10—15 күн бөйына малға азық болады.

Осымен қатар, жазды күні дағдылы мерзімнен ертерек күздік қара бидай егіледі. Октябрьде күздік егілген бұл алаңға мал жаюға болады. Бұл кездегі күздік егістің көгі малға өте жұғымды. Бұдан әрі мал жоғарыда айтылғандай, біржылдық, көпжылдық және жеміс тамырлы өсімдіктер егілген алаңдарға жайылып бағылады.

Малды осылайша жайып бағу, малды шығынсыз және күйлі өсіруге, оның өнімділігін еселеп арттыруға мүмкіншілік береді. Өткен жылы Мамлют асыл тұқымды мал совхозының мал өсірушілері облыста бірінші болып көкшөп конвейерін қолданды. Осының арқасында совхоз бұл жылы мал санын өсіріп, оның өнімділігін арттыруда едәуір табыстарға жетті. Мәселен, совхозда мұнан бұрын, көкшөп конвейері жүйесіне көшкенге дейін, бүкіл жайып бағу кезеңі ішінде сауын сыйырлардың әрқайсысынан 1008 литр сүт алынса, көкшөп конвейерін қолданғаннан кейін әрбір сыйырдан орта есеппен 2047 литрден сүт сауылды.

Көкшөп конвейеріне көшуге әрбір колхоз бен совхоздың толық мүмкіншілігі бар. Мәселе оны іске түгел қосып, мал басын өсіріп, оған алынатын өнім мөлшерін арттыруға қамқорлық жасауда ғана болып отыр.

И. НАРГИН,

мал шаруашылығы институтының ғылыми қызметкері.

Серия №	Облағация №	Утыс мөлшері сом есебімен
060123	1—50	200
060595	18*)	1.000
060630	21*)	1.000
060753	47*)	1.000
060810	17*)	1.000
060862	39*)	1.000
060992	1—50	200
061120	26*)	25.000
061341	26*)	1.000
061352	1—50	200
061378	36*)	1.000
061751	09*)	1.000
061914	34*)	1.000
062141	27*)	5.000
062156	10*)	1.000
062202	41*)	1.000
062277	06*)	5.000
062354	01*)	1.000
062449	35*)	1.000
062514	1—50	200
062574	35*)	1.000
062658	29*)	1.000
062683	34*)	1.000
062939	1—50	200
063019	26*)	1.000
063078	45*)	1.000
063085	06*)	1.000
063278	39*)	1.000
063282	50*)	1.000
063290	17*)	1.000
063312	01*)	5.000
063521	20*)	1.000
063632	1—50	200
063768	29*)	1.000
063860	29*)	5.000
063896	11*)	1.000
063994	1—50	500
064041	30*)	1.000
064106	09*)	1.000
064113	1—50	500
064448	40*)	1.000
064541	1—50	200
064647	1—50	200
064654	12*)	1.000

*) Осы сериядағы об

«УДАРНИК» кин

Бүгін және күн сайы

«КӨКТЕМ К

Сеанстар сағат 6-8-

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактор партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесе —